

МКҚМ №11 «Аружан» бөбекжай бақшасы

№1

Ата-аналар жиналысының хаттамасы

№2 «Балбөбек» кіші тобы

Тәрбиеші: Кабылбаева А.С

Сугирбаева А.К..

Шымкент 2021 ж

№1 Ата-аналар жиналысының хаттамасы

№2«Балбөбек» кіші тобында ата-аналар жиналысы болып өтті.

Өткізу күні: 28 Тамыз 2021ж

Өткізу уақыты: сағат 17:00

Бала саны: 25

Қатысқандар:18

Күн тәртібінде:

1. Жаңа оқу жылының іс-шаралары мен оқу стандартының бағдарламаларымен таныстыру
2. Ата-аналар комитетін сайлау
3. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

1. Ата-аналарды жаңа оқу жылындағы (2021-2022 ж) іс-шаралары мен оқу стандартының бағдарламаларымен таныстыру.

Баяндамашы: Кабылбаева А.С. оқыды.

Баяндама тіркелді

Жарыссөз:

Ата-ана: Байкизилова Камила сөз алды. Баланың тілін дамыту үшін, сөздік қорын молайту үшін не істеу керек?

Оған тәрбиеші: Сугирбаева Айжан жауап берді. Баланың тілін дамыту үшін үйде көбірек тақпақтар, санамақтар айтқызу керек. Баланың сұрағына дұрыс жауап беруге тырысыңыз. Баламен көбірек жұмыс жасағаныңыз дұрыс деп жауап берді.

Ата-ана: Кокпаева Жазира сөз алды,

-Бақшада баланың жылауына жол бермеу үшін ата-аналар не істеу керек?,- деп сұрақ қойды.

Тәрбиеші: Кабылбаева Алтынай жауап берді:-

*Бақшаға баруына 3-4 ай бұрын нәрестеге психологиялық дайындық жүргізу;

- *Бақшаның пайдасы туралы жиі айтып отырыңыз, мысалы: көптеген балалар олардың ересек адамболғанын естігенді ұнатады;
- *Бірінші күні балабақшада оны 2 сағаттан артық қалдырмаңыз;
- *Үйде өзіңізбен бірге ойыншық алуына рұхсат етіңіз (тым қымбат емес);
- *Анасы оны, мысалы, таңғы астан кейін, түскі астан немесе серуеннен кейін алатын уақытты нақты белгілеңіз;
- *Баламен сөйлесіп, одан әр күн сайын өткен күн туралы сұраңыз;
- *Сіз үшін қаншалықты қиын болса да, жүйкеңізге жүк түсірмеңіз және оны балаға көрсетпеңіз,-деп жауап берді.

2. Ата-аналардың ұсынысы бойынша, ата-аналар комитеті құрылды.

№2 «Балбөбек» кіші тобында ата-аналар комитеті сайланды.

1. Ата-аналар комитетінің төрайымы: Ақпан Айдана
- Ата-аналар комитетінің көмекшілері:
2. Орманова Асель
3. Марбек Динара

4. Әр түрлі мәселелер:

Тәрбиеші: Кабылбаева Алтынай балалардың күн тәртібін сақтау керектігін, төлемақыны әр айдың 10-шы жұлдызына дейін төлеу керектігін ескертті. Балалардың тазалығына, денсаулығына көңіл бөлу керектігін айтты.

№1 Ата-аналар жиналысының шешімі:

- 1.Ата-аналарды «Жаңа оқу жылының іс-шаралары мен оқу стандартының бағдарламаларымен таныстыру» атты баяндамаға қанағаттанарлық деген баға берілсін.
- 2.Ата-аналар комитетінің мүшелері:
 1. Ақпан Айдана
 - 2.Орманова Асель
 - 3.Марбек Динара болып сайлансын.

